

Қостанай облысының су объектілері және су шаруашылығы құрылыштарындағы көпшіліктің демалуына, туризм және спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 429 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 қыркүйекте № 24442 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 94 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысының су объектілері және су шаруашылығы құрылыштарындағы көпшіліктің демалуына, туризм және спортқа арналған жерлер осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етілсін:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

A. Мухамбетов

Келісілді

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау
министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау комитеті Қостанай облысының
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау
департаменті" респубикалық мемлекеттік мекемесі
Келісілді

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі
Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы" респубикалық

мемлекеттік мекемесі

Келісілді

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қостанай облысы бойынша экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Әкімдіктің

2021 жылғы 10 қыркүйектегі

№ 429 қаулысына

қосымша

Қостанай облысының су объектілері және су шаруашылығы құрылыштарындағы көпшіліктің демалуына, туризм және спортқа арналған жерлер

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 26.05.2022 № 234 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.01.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

P/c №	Су объектінің/су шаруашылығы құрылышының атауы	Жұзудің белгіленген шекараларында халықтың жаппай демалатын орындар	Орналасқан жері
Алтынсарин ауданы			
1	Жасанды су айдыны	"Сфетофор" балалар сауықтыру лагері "Балдәурен 2016" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округі , Щербаков ауылы
2	Жасанды су айдыны	"Сосновый бор" шипажайы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округі , Щербаков ауылы
3	Жасанды су айдыны	"СЕЛЕНА 2010" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі демалыс базасы	Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округі , Щербаков ауылы
4	Жасанды су айдыны	"Джайляу KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Мариям Хәкімжанова атындағы ауылдық округі , Щербаков ауылы
4-1	Жасанды тоган	"Деревенька в бору" демалыс базасы жеке кәсіпкер "Лазарук Т. Н."	Мәриям Хәкімжанова атындағы ауылдық округі , Щербаков ауылы

Бейімбет Майлин ауданы

		"Золотая рыбка" демалыс базасы	
--	--	--------------------------------	--

5	Каратомар су қоймасы	"АМИД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Набережное ауылдық округі, Елизаветинка ауылы
6	Каратомар су қоймасы	"Спутник" туристік базасы "Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі" акционерлік қоғамы	Калинин ауылдық округі, Береговое ауылы
7	Каратомар су қоймасы	"Атлант" туристік базасы "Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі" акционерлік қоғамы	Калинин ауылдық округі, Береговое ауылы
8	Каратомар су қоймасы	"Аметист" туристік базасы "Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі" акционерлік қоғам	Калинин ауылдық округі, Береговое ауылы
9	Каратомар су қоймасы	"Нептун" туристік базасы "Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі" акционерлік қоғам	Калинин ауылдық округі, Береговое ауылы
10	Каратомар су қоймасы	"Сокол" туристік базасы "Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі" акционерлік қоғам	Калинин ауылдық округі, Береговое ауылы
11	Каратомар су қоймасы	"Волна" туристік базасы "Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі" акционерлік қоғам	Набережное ауылдық округі, Елизаветинка ауылы
12	Каратомар су қоймасы	"Туристік базасы "Дружба" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Калинин ауылдық округі, Береговое ауылы
13	Каратомар су қоймасы	"Параллель" туристік базасы "РАХАТ-2018" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Калинин ауылдық округі, Береговое ауылы

Жітіқара ауданы

14	Шортанды өзені	Қалалық жағажай	Жітіқара қаласы
Қарабалық ауданы			
15	Тоғызақ өзені	Жағажай	Тоғызақ өзені Қарабалық кентінен 300 метр
		Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "	

16	Тоғызақ өзені	Қарабалық ауданының білім бөлімнің "Достық" балалар сауықтыру лагері "коммуналдық мемелекеттік мекеме	Тоғызақ ауылдық округі, Гурьяновское ауылы
Костанай ауданы			
17	Тобыл өзені	"Пристань" кафесі "Отрощенко Вячеслав Александрович" жеке кәсіпкер	Заречный ауылы
18	Жасанды тоган	Костанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған Костанай арнайы мектебі" коммуналдық мемелекеттік мекеме	Алматы – Екатеринбург трассасының 28 километр Тобыл қаласы
19	Тобыл өзені	Тобыл өзенінің оң жағалауы	Тобыл қаласы, Притобольский саябағының ауданы
Костанай қаласы			
20	Тобыл өзені	"Мохито" демалыс аймағы "Турсунов Махмут Мухтарович" жеке кәсіпкер	Гашек көшесі, 1Г
21	Тобыл өзені	"Ақ Шаңырақ" демалыс аймағы "Байжанова Сауле Амировна" жеке кәсіпкер	Тобыл өзенінің оң жағалауы
22	Тобыл өзені	Қалалық жағажай	Пионерская – Красный Кузнец көшесінің ауданы
22-1	Тобыл өзені	"Мишутка" жеке жағажайы жеке кәсіпкер "Корнеев М.В."	"Колос" бау-бақша серіктестігі тұтыну кооперативінің аумағында
Лисаков қаласы			
23	Тобыл өзені	Қалалық жағажай	Лисаков қаласы, Жағалау аймағы
Рудный қаласы			
24	Тобыл өзені	Қалалық жағажай	Рудный қаласы, Парковая көшесі, 53